



Отарбаева Әзина Байболатқызы,
*Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы PhD докторанты,
заң ғылымының магистрі, полиция майоры*

ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯН КЕЛТІРУ ТҮСІНІГІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет.» – деп атап өтіп, ондағысы сот өндірісіндегі шешімі табылмай созылмалы болған істердің орын алып отырғандығына бағытталғандықпен түсіндіріледі [1]. Сонымен бірге осы істердің созбалаңға салынуы заң нормаларының әлі де болса бір қалыптылығы мен бір мағыналы болмауындағымен байланысты деуге болады. Заң нормаларындағы нақтылықтың жоқтығы өз кезегінде қылмыстық істердің сот өндірісінде немесе сотқа дейінгі өндірістерде өзінің тиісті мақсаттарына жете алмауына алып келуде десек артық болмас.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-бөлігінде адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылғандығы және олардың абсолютті болып танылатындығы, олардан ешкімнің айыра алмайтындығы, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталатындығы анықталып келесідей қарастырылған: «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» [2]. Осы атлаған еліміздің негізгі заңы болып саналатын Қазақстан Республикасының Конституциясында қарастырылып бекітілген және олардың қамтамасыз етілуіне кепілдік берілген адам құқықтары барлық нормативтік

құқықтық актілерде өз орнын алады деуге бола бермес. Еліміздің конституциясымен белгіденіп, бекітілген адам құқықтарының бірі ретінде адам денсаулығы танылатындығы сөзсіз. Сонда да болса, осы адам денсаулығының қылмыстық іс-әрекеттер салдарынан бұзылуының алдын алуға кепіл болатын Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңы болып саналады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің талаптарына сай, адам денсаулығына зиян келтіру қылмыстық жауаптылыққа алып келетіндігі денсаулыққа келтірілген барлық зиянға қатысты емес тек қана денсаулыққа онша ауыр емес немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірген жағдайда ғана жауаптылық қарастырылған. Бұл қылмыстар өз кезегінде денсаулыққа қарсы қылмыстар болып саналады.

А.Н. Ағыбаев «Денсаулыққа қарсы қылмыстардың қоғамға қауіптілігі – бұл қылмыстарды жасаған кезде, бір адам екінші бір адамның денсаулығына қасақана немесе абайсызда зиян келтіреді, яғни кінәлі қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасай отырып, адам өмірі үшін ең қымбатты болып табылатын адам денсаулығына заңсыз түрде қол сұғады.» [3, Б.33]. А.Н. Ағыбаев атап өткендей денсаулыққа қарсы қылмыстар өз кезегінде қоғам үшін қауіпті болып қала береді. Сондықтан, ол қылмыстық заңмен қорғалуыға жатып, қылмыстық заңда өз орнын алуы тиіс.

Е. Алауханов «Денсаулыққа қарсы қылмыс дегеніміз – заңға қайшы әрекет арқылы басқа адамның денсаулығын зақымдау, дененің анатомиялық бүтіндігін бұзу не қандай да мүшенің немесе жалпы ағзаның жұмысын қалыптан шығару» деген өзінің түсінігін береді [4, Б.39]. Е. Алауханов атап отырған денсаулыққа қарсы қылмыстарға денсаулыққа келтірілетін барлық зиян қамтылған. Сонда да болса, қылмыстық заң тек денсаулыққа орташа

ауырлықтағы немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіруді ғана қарастырады.

З.О. Ашитов сот практикасы көрсетіп отырғандай көптеген қылмыстық істер бойынша денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру мен адамға қасақана қаза келтіру және оған оқталу қылмысын ажыратуда қателіктерге жол беріліп келеді. Оларды ажыратудың басты критерилері қылмыстың субъективті жағымен айқындалады. Адамға қасақана қаза келтіру қасақананың тек тікелей ниетімен жасалса денсаулыққа қасақана зиян келтіру тікелей және жанама ниетте болуы мүмкіндігін атап өтеді [5, Б.68]. Шындығында денсаулыққа немесе адам өміріне қарсы қылмыстарды бір-бірінен ажырату қылмыстың субъективті жағына тікелей қатыстылығы рас екендігі дау тудырмайды. Сонда да болса олар қылмыс объектісіне, қылмыстың субъектісіне қарап та ажыратылуы мүмкін.

А.Н. Ағыбаев «Жалпы денеге жарақат түсіру деп бөгде адамның денсаулығына қасақана заңсыз түрде немесе абайсыз денедегі ұлпалардың анатомиялық тұтастығын бүлдіру жолымен, әйтпесе басқа жолмен оның ағзаларының дұрыс жұмыс істеуін бұзу арқылы зиян келтіруді айтамыз» деген өзіндік тұжырымын жасайды [6, Б. 36].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінің 104-бабының 1-бөлігінде денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіруге келесідей түсінік берілген: «1. Адамның өміріне қауіпті емес және осы Кодекстің 103-бабында көрсетілген зардаптарға әкеп соқпаған, бірақ денсаулықты ұзақ уақытқа бұзылуға немесе жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты жоғалтуға әкеп соққан денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру» [7]. Ал, осы денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтірудегі «осы Кодекстің 103-бабында көрсетілген зардаптарға әкеп соқпаған» деген мәтінді ашып қарастырар болсақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 103-бабында денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру келесідей белгіленген: «1. Адамның өміріне қауіпті немесе көруден, тілден, естуден қандай да болсын органнан айрылуға немесе органның қызметін жоғалтуға немесе бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз бұзылуына әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, сондай-ақ өмірге қауіпті немесе еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін тұрақты түрде жоғалтуға ұштасқан немесе кінәліге мәлім кәсіби еңбек қабілетін немесе түсік тастауға, психикасын

бұзуға, есірткімен немесе уытты умен ауыруға душар еткен денсаулықтың бұзылуын тудырған денсаулыққа өзге зиян келтірген қасақана ауыр зиян келтіру» [7]. Осы денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарындағы белгіленген денсаулыққа келтірілген зиян екіге бөлініп отыр, оның бірінде денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтірілсе, екіншісінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру табылады. Оларды бір-бірінен ажыратуда өзіндік сұрақтар туындайды. Атап айтар болсақ, денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтірудің «жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты жоғалтуға әкеп соққан» деген белгісі денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірудің бір белгісі ретінде де келесідей қарастырылып отыр: «еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін тұрақты түрде жоғалтуға ұштасқан». Екі қылмысты саралауда осы денсаулыққа зиян келтірудегі белгінің бірі еңбек қабілетін жоғалтуға қатысты өзектілік туындап отыр десек болады. Себебі, денсаулыққа зиян келтіру қылмыстарындағы денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру мен денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруді еңбек қабілетін жоғалтуға қатысты саралау мүмкін емес. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің орыс тіліндегі мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 103-бабының 1-бөлігінде осы мәтін келесідей қарастырылған: «соединенное со значительной стойкой утратой общей трудоспособности не менее чем на одну треть», ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 104-бабының бірінші бөлігінде: «значительную стойкую утрату общей трудоспособности менее чем на одну треть» деп белгіленген [8]. Осыған қарап, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қазақ тіліндегі мазмұны дұрыс жазылмағандығын аңғарамыз. Заң нормаларында осындай орыс тіліндегі мазмұн мен қазақ тіліндегі мазмұн арасында алшақтық пен айырмашылық орын алған жағдайда қазақ тіліндегі мазмұн өз күшіне ие болуы тиіс. Себебі, ол мемлекеттік тіл болып саналады.

Қазіргі уақытта денсаулыққа келген зиянға қарап қылмыстарды саралауда да өзекті мәселелердің бірі ретінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 178-бабының екінші бөлігінде қарастырылған тонау қылмысы, 179-бабының бірінші бөлігінде қарастырылған қарақшылық қылмысы, 321-бабының бірінші бөлігіндегі өкімет өкіліне қатысты күш қолдану қылмысы бойынша

«денсаулығына қауіпті емес», «денсаулығына қауіпті» белгілер белгіленген. Осы денсаулыққа қауіпті немесе қауіпті еместілікті ажырату бойынша сұрақ туындайды. Қандай күш қолдану денсаулыққа қауіпті немесе қауіпті емес екендігі қазіргі уақытта заңмен реттелмей отыр деуге болады. Себебі, қарақшылық пен тонау қылмысын ажыратуда денсаулыққа қауіпті күш қолдану немесе осындай күшті қолданамын деп қорқыту орын алса онда ол қарақшылық болып саралануға жатады.

Аталған кемшіліктер мен олқылықтар бойынша туындап отырған сұрақтар 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық кодексінде өз шешімін тапқан деуге болады. Себебі, Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық кодексінің 3-бабының 11-тармағында «денсаулыққа ауыр зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті зиян не денсаулыққа: көру, сөйлесу, есту қабілетінен немесе қандай да бір ағзадан айырылуға; ағзаның өз функцияларын жоғалтуына; бет-әлпетінің қалпына келмейтіндей бұзылуына; жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты түрде жоғалтумен ұласқан денсаулықтың бұзылуына; кәсіби еңбек қабілетін толық жоғалтуға; жүктілікті үзуге; психиканың бұзылуына; нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыруға әкеп соққан зиян;» деп белгіленіп отыр [9]. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық кодексінің 3-бабының 12-тармағында денсаулыққа ауырлығы орташа зиянға түсінік келесідей қарастырылған: «денсаулыққа ауырлығы орташа зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақыт (жиырма бір күннен астам мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (үштен бір бөлігінен кем) тұрақты түрде айтарлықтай жоғалтуға әкеп соққан зиян» [9].

Сонда да болса, Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасында қарастырылған денсаулыққа қауіпті зиян бойынша туындауы мүмкін мәселе ретінде жоғарыда қарастырылғандай жаңа қылмыстық заң бойынша белгіленген тонау мен қарақшылық бойынша белгі осы денсаулыққа қауіпті немесе денсаулыққа қауіпті емес жөнінде атап өтсек болады. Өйткені жаңа қылмыстық заң бойынша денсаулыққа жеңіл зиян түсінігі келесідей белгіленіп отыр: «денсаулыққа жеңіл зиян – денсаулықтың қысқа мерзімге (жиырма бір күннен аспайтын мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (оннан бір бөлігінен кем) тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан адамның денсаулығына келтірілген зиян» [9]. Егер біз қарастырып отырған тонау мен қарақшылық қылмыстары және осы зиянның денсаулыққа қауіптілігіне байланысты бір-бірінен ажыратылып, саралануға жататын қылмыстар бойынша денсаулыққа зиян келіп, ол денсаулыққа жеңіл зиян болған жағдайда ол зиянның денсаулыққа қауіптілігін қалай ажыратамыз дегендей сұрақ өздігінен туындауы мүмкін.

Жоғарыда қарастырылғандар негізінде денсаулыққа қарсы қылмыстарды саралаудағы денсаулыққа зиян келтіру түсінігіндегі мәселелерді шешу ретінде ұсынылады:

– Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 104-бабының 1-бөлігіндегі «кемінде үштен бірін» деген мәтіндегі сөздерді «үштен біріннен кемін» деген мәтіндегі сөздермен өзгертілуі қажет;

– Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің 3-бабының 13-тармағында қарастырылған денсаулыққа жеңіл зиян келтіру түсінігі денсаулыққа жеңіл зиян келтірудің адамның денсаулығына қауіпті зиян қатарына жатқызылуын қамтуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы / http://www.akorda.kz/kz/page/page_215751_kazakstan-respublikasynyn-rezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2014-zhylhy-17-kantar.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы// <http://akorda.kz/kz/category/konstituciya>.
3. Қылмыстық құқық: Ерекше бөлім: Оқулық. Өңделген, толықтырылған 4-басылымы. 2011 жылдың 1 наурызына дейінгі өзгертулер мен толықтырулар ескерілген. – Алматы: Жеті жарғы, 2011. – 632 бет.
4. Қылмыстық құқық (Ерекше бөлім): Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 224 бет.

5. Уголовное право Республики Казахстан. Учебное пособие / З.О. Ашитов. – Алматы: Жеті Жарғы, 2013 – 592 с.
6. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: Оқулық. Өңделген, толықтырылған, 2-басылымы. 2002 жылғы 21 желтоқсанға дейінгі өзгертулер мен толықтырулар ескерілген. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 560 бет.
7. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. – Алматы: Юрист, 2014. – 168 б.
8. Уголовный кодекс Республики Казахстан/http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008032#sub_id=1030000
9. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі (жаңа). – Алматы: Юрист, 2014. – 204 б.



В данной статье рассматриваются расхождения в понятии причинения вреда здоровью при квалификации преступлений против здоровья.

Ключевые слова: преступления против здоровья, тяжкий вред, вред средней тяжести, квалификация преступлений.

This article discusses the differences in the concept of personal injury in the classification of crimes against health.

Keywords: crimes against health, serious harm, injury of moderate severity, classification of crimes

Отарбаева Әзина Байболатқызы,

Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы PhD докторанты, заң ғылымының магистрі, полиция майоры

Денсаулыққа қарсы қылмыстарды саралаудағы денсаулыққа зиян келтіру түсінігіндегі мәселелер

Азина Байболатовна Отарбаева,

докторант PhD Алматинской Академии МВД Республики Казахстан, магистр юридических наук, майор полиции

Проблемы в понятии причинения вреда здоровью при квалификации преступлений против здоровья

Azina Baibolatovna Otarbaeva,

doctoral candidate of Almaty academy of Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, master of law, police major

Problems in the notion causing bodily harm in qualification of crimes against health